


# *Солтүстік Қазақстан ЭКОНОМИКАЛЫҚ ауданның ЭКОЛОГИЯЛЫҚ жағдайы*

*Дайындаған: 2-топ  
Топ: Т-Р-15*





**Солтүстік Қазақстан** — батыста Орал сырты үстіртінен, шығысында Ертіс маңы жазығына дейін, солтүстігінде Солтүстік қазақ жазығынан оңтүстіктегі Сарыарқаның ұсақ шоқылы қырқаларына дейін созылып жатқан өңір. Құрамына Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстары жатады. Аумағында Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы орналасқан. Ірі қалалары - Павлодар, Петропавл, Қостанай, Екібастұз, Көкшетау.



# Экологиялық проблемалары

Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданындағы негізгі атмосфераны ластаушы көздерге – табиғи қазба байлықтарды өндірумен шұғылданатын кәсіпорындар мен қаладағы жылу қуатымен қамтамасыз ететін орталықтар және автокөлік жатады. Қоршаған ортаға үлкен залал келтіретіндер өндірістік және тұрмыстық қалдықтар мен күл қоқыстары. Үлкен көлемде жиналып қалған қалдықтар қоршаған ортаға зиянын тигізіп қана қоймай, адамдардың өмір сүруіне үлкен қауіп тудырады. Соңғы жылдары бұл кәсіпорындарда экологиялық нормаларды сақтау үшін қоршаған ортаны қорғауға арналған іс-шаралар жүргізілуде. Көптеген кәсіпорындар қоршаған ортаға зиянды заттарды шығармайтын жаңа технологияларды қолданып өндіріс күшін арттыруда. Өндірістік қалдықтарды қайтадан қолдану экономикалық және экологиялық жағынан да тиімді. Мысалы, Қостанай облысындағы тау-кен өндірісі салаларымен жылу қуаты кешендерінде өндірістік экологиялық бақылау жұмыс істейді. Осының нәтижесінде Қызыл Октябрь кенішіндегі қалдықтарды жою туралы іс-шара өткізіліп, қалдықтың мөлшері біршама азайтылды.

# Павлодар облысы

**Павлодар облысы** — 1938 жылғы қаңтар айында құрылған. Облыс орталығы Павлодар қаласы, ол Қазақстанның аса ірі өзені болып табылатын Ертіс жағасында орналасқан.

Облыс Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысында орналасқан және солтүстікте – Ресей Федерациясының Омбы, солтүстік-шығыста – Новосібір облыстарымен, шығыста – Алтай өлкесімен, оңтүстікте – Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарымен, батыста – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарымен шектесіп жатыр.





# *Экологиялық проблемалары*

Негізгі өндіріс саласы кен өндірісі, мұнайды қайта өңдеу, химиялық өндіріс, қара және түсті металлургия, энергетика болғандықтан, Павлодар облысының жоғары техногенді ластануға шалдығу қаупі зор. Ластанудың басты көзі жоғары қозолды Екібастұз көмірін тұқанды агрегаттар оттығында жағу технологиясын пайдаланатын жылу электр станциялары болып табылады. Шығарылып тасталынатын негізгі масса Екібастұз (46 %), Ақсу (26,5 %) және Павлодар (25,5 %) қалаларында орналасқан өнеркәсіп кәсіпорындарына тиесілі, облыстың қалған аудандарына шығарылып тасталынатын өнімнің 2%-на жуығы тиесілі.



# Ақмола облысы



**Ақмола облысы** — Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. 1939 жылы құрылған. 1961 – 1992 жылдары Целиноград облысы болып аталды.



# Экологиялық проблемалары

**Ақмола облысында бекітілген заңнама тәртібімен рәсімделмеген қалдық полигондарының болуы**



Кіші зауыттардың және оларды қайта өңдейтін технологиялардың болмауы олардың көлемінің үнемі өсуіне алып келеді. Бүгінгі күнге дейін облыстың аумағында 400 тұрмыстық қатты қалдықтар қалған орындары есептелді, оның ішінде тек 34 полигонның ғана рұқсат ету құжаты бар.


Облыста 7 аудан бар, олардың біреуінде де заңдастырылған полигон жоқ: Ақкөл, Аршалы, Бұланды, Зеренді, Қорғалжын, Бурабай.

Полигондарды рәсімдеу бойынша үздік көрсеткіштер көрсеткен аудандар Жақсы – 9, Сандықтау – 5, Есіл мен Жарқайың – 4, Атбасарда – 3 полигон заңдастырылды.



## Ақмола облысының елді мекендерінде субұру объекті жүйелерінің тозуы.

Біршама уақыт аралығында аудан орталықтарындағы кәріздік коллекторларға жөндеу жұмыстары жүргізілген жоқ. Кәріздік коллекторлардың тозуына байланысты жиі жарылады және ол елді мекен жерлерін ластайды.






## Көкшетау қаласындағы Қопа көлінің лайлы тұнбалармен ластануы және арамшөптердің басып кетуі.

Қала табиғи су қоймасы Қопа көлінің жағалауында орналасқан, ол көп жылдар бойы қала тұрғындарының демалыс орнына және суға шомылатын жеріне айналған. Бірақ оның тайыздануына және ластануына байланысты өзінің рекреациялық қасиетін жоғалтты.



# Қостанай облысы



**Қостанай облысы** — Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі. 1936 жылы 29 шілдеде бұрынғы Қостанай мен Торғай губернияларының негізінде құрылған. Облыс орталығы – Қостанай қаласы (1879 жылы құрылған). Жер аумағы 196 мың км<sup>2</sup>.



# Экологиялық мәселелері

## Қостанай қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу кешенінің ЖОҚТЫҒЫ

Мәселені шешу үшін:

1. Тиісті қорытындыларды ала отырып, Қостанай қаласында қоқысты сұрыптау желісін (қолмен сұрыптау) салу.
2. Қостанай қаласында қоқысты сұрыптау желісін (қолмен сұрыптау) орнату және пайдалануға беру қажет (мерзімі – 2017 жылдың желтоқсан айы – 2019 жыл).





## Қостанай облысының орталығында биологиялық тазарту станциясының (БТС) жоқтығы

Мәселені шешу үшін биологиялық тазарту станциясын салуға қаржы бөлінгеннен кейін техникалық-экономикалық жобасын әзірлеу қажет.



## Облыстың елді мекендерінде тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру проблемасы

Қостанай облысының аумағында тұрмыстық қатты қалдықтардың 310 полигоны бар, олар жер пайдалану құқығын ресімдеумен нақты заңды тұлғаларға бекітілген. Тұрмыстық қатты қалдықтардың полигондарының негізгі бөлігі санитарлық-экологиялық талаптарға сай келмейді.

Проблеманы шешу үшін:

1. Қостанай қаласында тұрмыстық қатты қалдықтардың полигонын салу қажет.



**Қостанай қаласында бұрынғы мыс-аммиакты жасанды штапель талшығын өндіретін зауытының өнеркәсіптік ағын су жинағышы – «тарихи ластануды» (иесіз) жою**

Жинағыш Тобыл өзенінің су қорғау аймағында орналасқан. Мыс-аммиак өндірісінің зауыты өз қызметін 80-ші жылдары тоқтатқан. Экология департаментінің деректеріне сәйкес жинақтағыштың тұрған жерінде мыс зауытының сәрінен Тобыл өзенінің ластану қаупі бар.

Проблеманы шешу үшін қоршаған орта компоненттеріне теріс әсер анықталған жағдайда «тарихи ластануды» жою іс-шараларын жүргізу қажет.

